

## Ана тілі — ұлттық болмыстың діңгегі

Авторы: Махфузқызы Айша

Әрбір ұлттың тарихында, оның мәдениеті мен рухани әлемінде ең қасиетті, ең қымбат құндылығы — оның ана тілі. Тіл — тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол — халықтың ғасырлар бойы жинақтаған даналығының, салт-дәстүрінің және дүниетанымының айнасы. Ұлттық болмысты сақтап қалудың ең басты шарты да осы ана тілімізді қадірлеу және оны келесі ұрпаққа таза күйінде аманаттау болып табылады.

Қазіргі жаһандану мен ақпараттық технологиялар дәуірінде тіл тазалығы мен оның қолданыс аясын кеңейту мәселесі өте өзекті. Әлеуметтік желілердегі қысқа сөздер, шет тілінен енген терминдердің орынсыз қолданылуы ана тіліміздің шұбарлануына әкеліп соғуда. Осы орайда, жас буынның ана тілінде таза сөйлеуі, сауатты жазуы және көркем әдебиетті ана тілінде оқуы — олардың отансүйгіштік сезімінің ең алғашқы көрінісі.

Ана тілін дамыту — мектеп қабырғасынан және отбасылық тәрбиеден бастау алады. Үйде қазақша сөйлеу, мектепте ана тілінің қадір-қасиетін терең түсіндіру жастардың бойында тілге деген құрметті ұялатады. Сауатты, мәдениетті әрі ана тілін жетік меңгерген ұрпақ қана өз елінің нағыз патриоты бола алады. Тілді білу — өркениеттің белгісі, ал өз ана тілінді ардақтау — перзенттік парыз.

Қорыта айтқанда, ана тіліміз — біздің таусылмайтын байлығымыз бен рухани тірегіміз. Заман қаншалықты дамып, өзгерсе де, біз өз тіліміздің мәртебесін әрқашан биік ұстауымыз керек. Өйткені, тілі жоғалған ұлттың өзі де, мәдениеті де жоғалады. Сондықтан ана тілімізді ардақтап, оның қолданыс аясын кеңейтуге үлес қосу — әрбір қазақ жасының басты міндеті.